

**Т.Есетов атындағы № 264 мектеп-лицейінің 2021-2022 оқу жылы
бойынша қамқоршылық кеңес комиссия мүшелері отырысының
Х А Т Т А М А С Ы №2**

Күні: 11.01.2022 жыл

Қатысқандар: Мектеп-лицей әкімшілігі

Қамқоршылық кеңес мүшелері

Өтілетін оры: АКТ залы

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Материалдық-техникалық базасының нығайуына септесу, сондай-ақ оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу.
2. Мектеп-лицейдің әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс-шараларды ұйымдастыру
3. II- тоқсан бойынша мектеп-лицей директорының есебі, әлеуметтік қорғалмаған оқушылармен жұмыстар.
4. Ағымдағы мәселелер

Тыңдылды:

1. Бірінші мәселе бойынша мектеп-лицей директоры Б.С.Тумурзаев 2021-2022 оқу жылы бойынша қамқоршылық кеңес мүшелеріне есеп берді. Аталған оқу жылындағы оқу жетістіктерінен бастап, мектеп-лицей базасына алынған заттармен толық таныстырды. Осы оқу жылы бойынша қажетті заттарға қанша қаражат бөлінгендігі туралы айтып, есеп берді және сыныптардың есіктері толық жаңаланғандығын айтты. Сонымен қатар тәрбие саласы бойынша атқарылған іс-шаралар туралы, алдағы уақытта атқарылатын іс-шаралар жөнінде айтып өтті.

Мектеп-лицейінде ерекше білімді қажет ететін оқушылардың бар екендігіне тоқталып, осы оқушылардың қажеттілігіне және алдағы уақытта кәсіпке баулу, еңбек сүйгіштікке үйрету мақсатында керекті құрал жабдықтарды алынғандығы айтылды.

Алдағы уақытта атқарылатын да жұмыстардың жоспарымен таныстырды.

Қамқоршылық кеңес мүшесі М.Аралбаев: Мектеп-лицейдің атқарылып жатқан жұмыстарына үнемі көңіліміз толады, мектеп-лицей директоры Б.Тумурзаевтың ерен еңбегін, 2021-2022 оқу жылы бойынша берген есебін қанағаттанарлық деп айтамыз. Және алдағы уақытта ата-аналар тарапынан демеуші болатын ата-аналар жұмылдыруға болатындығын айтты.

2. Екінші мәселе бойынша, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ибрашева мектеп-лицейдің әлеуметтік-мәдени, сауықтыруға бағытталған

жұмыстардың жоспарымен таныстырды. Жоспарға сәйкес, мектеп-лицейдің оқушылары өздері қалайтын, икемі бар түрлі спорт, өнер, би секцияларына, сонымен қатар қосымша үйірмелерге толық қамтылып отырғандығы жөнінде айтып өтті. Оқушылардың жетістіктерін көрсетіп, марапаттарымен таныстырып өтті.

Жөнеде әлеуметтік қорғалмаған, көп балалы отбасылардан шыққан, жетім, қамқоршылықтағы оқушыларды ҚР Президенті және қала әкімдігі атынан өткізілетін шыршаға оқушылардың қатысқандығы айтылды.

3. Үшінші мәселе бойынша мектеп-лицей директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г. Бексейітова II-тоқсан бойынша білім сапасының ілгерілеуі жөнінде мониторинг көрсетіп жасалған жұмыстар бойынша өз есебін берді.

4. Ағымдағы мәселе бойынша мектеп-лицейдің ішкі және сыртқы жұмыстары айтылды. Алдағы жоспарланған жұмыстар мен кеңес мүшелерімен таныстырды. Мүшелер өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдірді.

Қаулы:

1. Мектеп-лицейдің материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары қадағалансын.

2. Мектеп-лицейдің әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту бағыттарындағы іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.

3. II-тоқсанның есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.

Мектеп-лицей директоры:

Хатшы:



Б.С.Тумурзаев

М.Абдуллаева